**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 ақпандағы N 90 Қаулысы

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

РҚАО-ның ескертпесі!

1-тармаққа өзгерту енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.08.03 № 781 Қаулысымен (жариялануға жатпайды).

1. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішев Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері болып тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.27 N 739, 2007.12.24 N 1272 Қаулыларымен.

2. Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі міндетінен босатылсын.

3. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1272 Қаулысымен).

4. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 ақпандағы N 90 қаулысына қосымша

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері және Басқарушылар Кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 шілдедегі N 643 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері және Басқарушылар Кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 418 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 523 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК